



Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді қайтару туралы келісімге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 15 мамыр N 106

1968 жылғы 22 сәуірде Мәскеу, Лондон және Вашингтон қалаларында қол қойылған Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді қайтару және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді қайтару туралы келісімге Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлердің қайта оралуы және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілердің қайтып оралуы туралы  
КЕЛІСІМ

Уағдаласушы Тараптар

ғарышкерлерге авария, қасірет немесе амалсыз қону жағдайында, ғарышкерлердің қауіпсіз дереу оралуына және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілердің оралуына барынша көмек көрсетуге арналған Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері

туралы шарттың маңызды мәнін атап өте отырып,  
бұл міндеттемелерді дамытуға және одан әрі нақтылауға ұмтыла отырып,

халықаралық ынтымақтастыққа ғарыш кеңістігін бейбіт зерттеу мен пайдалануда жәрдемдесуді тілей отырып,  
ізгілік сезімін басшылыққа ала отырып,  
төмендегі туралы келісті:

Ғарыш кемесінің экипажы аварияға ұшырады, немесе қасірет жағдайында түр немесе өзінің занды құқығындағы аумаққа немесе қандай да болмасын мемлекеттің занды құқығына жатпайтын ашық теңізге немесе кез келген жерге амалсыз немесе алдын ала ойластырылмаған қонды деп мәлімет алған немесе білген әрбір

Уағдаласуши

Тарап,

дер еу:

а) ұшыруды жүзеге асырған өкіметтерге хабарлайды немесе егер ол танып-біле алмайтын және бұл туралы ұшыруды жүзеге асырған өкіметке дереу хабарлай алмайтын болса, бұл туралы жалпы мәлімет үшін өзінің иелігіндегі барлық тиісті байланыс құралдарының көмегімен дереу хабарлайды;

б) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды, ол бұл ақпаратты өзінің иелігіндегі барлық тиісті байланыс құралдарының көмегімен дереу таратуы тиіс.

Егер аварияның, қасіреттің немесе алдына ала ойластырылмаған қонудың нәтижесінде ғарыш кемесінің экипажы Уағдаласуши Тараптың занды құқығындағы аумаққа қонса, ол оны құтқару және оған барлық қажетті көмек көрсету үшін дереу барлық мүмкін шараны қолданады. Ол ұшыруды жүзеге асырған өкіметтерге, сондай-ақ өзінің қолданған шаралары мен жеткен нәтижелері туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды. Егер ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің көмегі тез құтқаруды қамтамасыз етуге көмектесе алар болса немесе іздестіру және құтқару жөніндегі операциялардың тиімділігін елеулі дәрежеде жағдай жасар болса, ұшыруды жүзеге асырған өкіметтер іздестіру және құтқару жөніндегі операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Уағдаласуши Тараппен ынтымақтасатын болады. Бұл операциялар Уағдаласуши Тараптың басшылығы мен бақылауында болатын болады, ол ұшыруды жүзеге асырған өкіметтермен тығыз және тұрақты кеңесте іс-қимыл жа с а й т ы н

б о л а д ы .

3 - б а п

Егер ғарыш кемесінің экипажы қандай да болмасын мемлекеттің занды құқығында емес ашық теңізге немесе басқа жерге қонды деген мәлімет алынса немесе анықталса, онда мұны істеу жағдайындағы сол Уағдаласуши Тараптар қажет болған жағдайда мұндай экипажды тез құтқару мақсатында оны іздестіру және құтқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыруда көмек көрсетеді. Олар ұшыруды жүзеге асырушы өкіметтерге, сондай-ақ өзінің қолданған шаралары туралы және қол жеткізген нәтижелері туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысына хабарлайды.

Егер ғарыш кемесінің экипажы аварияның, қасіреттің, амалсыз немесе алдын ала ойластырылмаған қонудың нәтижесінде Ұағдаласуши Тараптың занды құқығындағы аумаққа қонса немесе қандай да болмасын мемлекеттің занды құқығындағы емес ашық теңізден немесе кез келген жерден табылса, ол қауіпсіздікте болуы және ұшыруды жүзеге асырған өкіметтер өкілдеріне дереу қайтарылуы тиіс.

1. Ғарыш объектісі немесе оның құрамдас бөліктері өзінің занды құқығындағы аумаққа Жерге немесе қандай да болмасын мемлекеттің занды құқығындағы емес ашық теңізге немесе кез келген орынға оралды деп мәлімет алған немесе анықтаған әрбір Ұағдаласуши Тарап ұшыруды жүзеге асырған өкіметтерге және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды.

2. Ғарыш объектісі немесе оның құрамдас бөліктері табылған аумаққа занда құқығын жүзеге асыратын әрбір Ұағдаласуши Тарап ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің өтініші бойынша және осы өкіметтердің көмегімен егер олар сұраса, осы объектіні немесе оның құрамдас бөліктерін құтқару үшін практикада жүзеге асыруға болады деп есептейтін шараларды қолданады.

3. Ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің өтініші бойынша, ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілер немесе олардың құрамдас бөліктері ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің аумағынан тыс жерде табылса, ұшыруды жүзеге асырған осы өкіметтердің өкілдеріне қайтарылады, олар талап ету бойынша олардың қайтарылуына дейін айырым деректерін беруі тиіс немесе осындай өкілдердің билігіне беріледі.

4. Ұағдаласуши Тарап осы баптың 2 және 3-тармақтарына қатыссыз, өзінің занды құқығындағы аумақта табылған немесе ол қандай да болмасын басқа жерде құтқарған ғарыш объектісі немесе оның құрамдас бөліктер қауіпті немесе өзінің сипаты бойынша зиянды деп ойлауға негізі болса, бұл туралы ұшыруды жүзеге асырған өкіметтерге дереу хабарлай алады, олар зиян келтірудің мүмкін қаупін жою үшін аталған Ұағдаласуши Тараптың басшылығымен және бақылауымен дереу тиімді шаралар қ о л д а н а д ы .

5. Ғарыш объектісін немесе оның құрамдас бөліктерін табу мен қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындау кезінде болған шығындарды осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес ұшыруды жүзеге асырған өкіметтер өтейді.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Ұшыруды жүзеге асырған өкіметтер" аталымы

ұшыруға жауапты мемлекетке, немесе ұшыруға халықаралық үкіметаралық үйім жауапты болған кезде осы халықаралық үйім өзі осы Келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді қабылдағаны туралы мәлімдеген, және осы үйімның көпшілік мүше мемлекеттері осы Келісімнің және мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарттың қатысушылары болып табылатын жағдайда осы халықаралық

ұйымға

қатысты.

7 - ба

1. Осы Келісім барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашиқ. Осы баптың З-тармағына сәйкес осы Келісімнің күшіне енуіне дейін оған қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосыла алады.

2. Осы Келісім оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады. Бекіту грамоталары мен қосылуы туралы құжаттар Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі мен, Америка Құрама Штаттары үкіметтеріне сақтауға өткізілуі тиіс, олар осымен депозитарий үкіметтер ретінде тағайындалады.

3. Осы Келісім депозитарий үкіметтер ретінде тағайындалған үкіметтерді қоса алғанда, бес үкімет бекіту грамоталарын сақтауға өткізген соң күшіне енеді.

4. Осы Келісім күшіне енген соң бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары сақтауға өткізілетін мемлекеттер үшін ол олардың бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары сақтауға өткізілген күні күшіне енеді.

5. Депозитарий мемлекеттер осы Келісімге барлық қол қойғандарды және оған қосылған мемлекеттерді әрқайсының қол қойған күні туралы, әрбір бекіту грамотасының және қосылуы туралы құжаттардың сақтауға өткізілген күні туралы, оның күшіне ену күні туралы, сондай-ақ басқа да хабарламалар туралы дереку хабарландырады.

6. Осы Келісімді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес депозитарий мемлекеттер тіркейді.

8 - ба

Келісімнің кез келген қатысушы мемлекеті осы Келісімге түзетулер ұсына алады. Түзетулер осы түзетулерді қабылдаушы Келісімнің әрбір қатысушы мемлекеті үшін оларды Келісімнің көпшілік қатысушы мемлекеттері қабылдаған соң, Келісімнің әрбір қалған қатысушы мемлекеті үшін олар осы түзетулерді қабылдаған күні күшіне енеді.

9 - ба

Келісімнің кез келген қатысушы мемлекеті өзінің Конвенциядан шығатыны туралы ол күшіне енген соң бір жылдан кейін депозитарий мемлекеттерді жазбаша хабарландыру жолымен мәлімдей алады. Мұндай шығу осы хабарламаны алған күннен бастап бір жыл өткен соң күшке ие болады.

1 0 - б а п

Орыс, ағылшын, француз, испан және қытай мәтіндері бірдей болып табылатын осы Келісім депозитарий мемлекеттердің архивтеріне сактауға тапсырылады. Осы Келісімнің тиісті түрде қуәландырылған көшірмелерін депозитарий үкіметтер Келісімге қол қойған және оған қосылған мемлекеттердің үкіметтеріне жіберетін болады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

Москва, Лондон және Вашингтон қалаларында мың тоғыз жүз алпыс сегізінші жылы сәуірдің 22-і күні үш данада ЖАСАЛДЫ.

Ұлттық Аэроғарыш Агенттігі

Бас директорының орынбасары